

Инновациялық қызметті қаржыландыру жүйесінің тетіктері

¹***АУЕЗОВА Зауре Танатаровна**, г.ф.к., профессор, zaure58@mail.ru,

²**АУЕЗОВА Амина Танатаровна**, PhD, доцент, auezova-amina@mail.ru,

³**БҰЛАКБАЙ Жанат Мұқанбетжанқызы**, э.ф.к., доцент, bulakbay_zhannat@mail.ru,

³**ТӘЖІБЕКОВА Кашамида Базылбековна**, э.ф.к., доцент, kashamida@mail.ru,

¹Esil University, А. Жұбанов көшесі, 7, Астана, Қазақстан,

²«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ, Сәтпаев көшесі, 2, Астана, Қазақстан,

³«Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясы» РМҚК Ұлытау облысы бойынша филиалы, Ы. Анарқұлов көшесі, 8, Жезқазған, Қазақстан,

*автор-корреспондент.

Аңдатпа. Мақала жалпы мемлекеттің дамуына және әр кәсіпкердің нарықта бәсекелестікте жеңіске жетіп жетілуіне бірден бір әсер ететін инновациялық үрдістерді қаржыландыру мәселелеріне арналған. Инновациялық үрдісті қаржыландыруды зерттеу теориялық және аналитикалық тұрғыда жүзеге асқан, инновациялық қызметтердің экономикалық деңгейлері анықталған. Экономикалық жүйелерді жаңғырту және инновациялық дамыту міндетін шешудің шұғыл қажеттілігі инновациялық процестерді қаржыландыру тұжырымдамасын әзірлеуді қажет ететіні негізделген. Инновациялық қызметті қаржыландыру жүйесі қамтитын элементтер мен қаржы тетігінің функциялары теориялық тұрғыда ашылған. Инновациялық қызметті қаржыландырудың қолданыстағы жүйесі қаржылық қамтамасыз ету мен ішкі шығындардың қажетті деңгейіне қол жеткізуге ғана емес, сонымен қатар инновациялық кәсіпорындардың құрылу сатысынан кеңейту сатысына дейін дамуына ықпал етуі жағдайы сипатталған. Мысал ретінде «Karatau-Nesie» ЖШС кәсіпорнын инновациялық қызметті қаржыландыру жүйесі шеңберінде қолданылатын қаржыландыру тетіктері белгілі бір қағидаттарға сәйкес келуіне талдау жасалды. Технологиялық дамудағы Қазақстан экономикасының дәрежесін ескере отырып, инновациялық белсенділікті ынталандыру және венчурлік индустрияны дамыту үшін мемлекет тарапынан қолдау және венчурлік қаржыландыру жүйесін дамыту үшін жағдайлар жасау қажет екені дәлелденді.

Кілт сөздер: инновация, қаржыландыру тетіктері, кәсіпкерлік, экономика, мемлекеттік қолдау, венчур, активтер.

Кіріспе

Әлемдік экономиканың жаһандануы мен халықаралық бәсекелестіктің күшеюі жағдайында, жаңа нарықтық белестерді игеру, технологияларды жаңарту, ұйымдастырушылық және технологиялық жаңалықтар енгізу мемлекеттің индустриалды-инновациялық дамуының маңызды элементі.

Жаһандану мен экономиканың өзара тығыз байланысы, инновациялық үдерістерді басқару міндетін де күрделендіре түседі. Сондықтан да инновациялық даму үшін әрбір мемлекет, өзінің инновациялық әлеуетін дамытуға бағытталған стратегиялық алғы шарттарды белгілеуі, осыған орай инновациялық саясатты қалыптастырудың жүйелік жолдарын айқындауы және инновациялық қызметтерді кәсіпорындар деңгейінде да-

мытуды көздеуі қажет. Бұл тенденцияларды ескере отырып, мемлекеттің дамуы және бәсекеге қабілеттілігін арттыруы экономикада инновацияларды енгізуі және оны тиімді қаржыландыру қызметін жүзеге асыру экономиканың негізі екендігін көруге болады [1].

Қазақстанда кейінгі жылдары, жоғарғы технологиялық және ғылыми өндірістерді құру жобаларын дамыту, оларды қаржыландыру, сырттан инвестиция тартуға негізделген инвестициялық, инновациялық қорлар, даму банкі, экспорттық несиелер мен инвестицияларды сақтандыру корпорациясы сияқты даму институттары құрылды. Даму банкі құрылғалы бері жалпы құны 400 млн АҚШ \$ тұратын 35 инвестициялық жобалар мен экспорттық операцияларды жүзеге асы-

руға қатысты.

Халықаралық стандарттарға сәйкес, инновация – нарыққа енгізілген жаңа немесе тәжірибеде қолданылатын жаңа немесе жетілдірілген технологиялық үдеріс түрінде көрінетін инновациялық қызмет нәтижесі [2, 3].

Инновация – сапасы жағынан ұқсамайтын немесе мүлдем жаңа функцияларды орындайтын бірегей өнім болып табылады. Ғылыми басылымдарды талдағанда келесі инновация түрлері атап өтіледі:

1. Технологиялық – қолда бар өнімнің, бұйымның, техниканың жаңа немесе тиімді өндірісі немесе жетілдірілген технологиялық процестер.

2. Әлеуметтік – қоғамды қайта құрудағы адам өмірінің салаларын жаңарту.

3. Азық-түлік – жаңа және пайдалы қасиеттері бар өнім қалыптастыру.

4. Ұйымдастырушылық – басқару жүйесін жетілдіру.

5. Маркетингтік – жаңа немесе едәуір жақсартылған маркетингтік әдістерді іске асыру, өнімдерді (қызметтерді) сатудың және таныстырудың жаңа әдістерін пайдалану, оларды ұсыну және өткізу нарықтарына жылжыту, жаңа баға стратегияларын қалыптастыру.

Инновациялық қызмет – жинақталған білімді жаңа жетілдірілген өнімге, ұйым қызметінде қолданылатын технологиялық процеске, сондай-ақ тауарлар немесе қызметтер нарығында енгізілетін қызметтерге жаңа көзқарасқа өзгерту мен түрлендірумен

байланысты қызметтің түрі [4, 5].

Әлемдік тәжірибеде зерттеушілер инновациялық қызметтердің ауқымына қарай төменде кестеде көрсетілгендей 5 экономикалық деңгейін бөліп көрсетеді.

Мемлекет пен қоғам тарапынан инновациялық өнімге деген сұраныстың қалыптасуы инновацияларды қаржыландырудың нақты белгіленген мемлекеттік саясатына, инновациялық белсенді субъектілерді ынталандырудың дамыған институционалдық механизміне және «қысқа мерзімді» ресурстарды «ұзақ мерзімді» ресурстарға айналдыру мезанизмдеріне негізделуі тиіс [6].

Инновациялық жобаларды қаржыландыру жүйесі мен функциялары

Инновациялық жобаларды қаржыландыру жүйесі – бұл қаржылық қатынастар мен тетіктер арқылы өзара байланысты, инновациялық жобаларды қаржыландыруға қатысатын субъектілер мен институттардың жиынтығы. Инновациялық қызметті қаржыландыру жүйесіндегі элементтер келесі 1-суретте көрсетілген.

Инновацияны қаржыландыру тетігі – бұл инновацияларды құру мен жүзеге асыруға қажетті қаржылық ресурстарды қайта құру және қайта бөлу арқылы инновациялық жобалар мен фирмаларға қаржылық қолдау көрсетуге бағытталған қаржылық әдістер мен құралдар жүйесі.

Инновациялық қызметті қаржыландырудың жүйесі қаржылық қамтамасыз ету мен ішкі шығындарды есептеу ғана емес, сон-

Инновациялық қызметтердің экономикалық деңгейлері	
Экономикалық деңгейлер	Сипаттамалары
Нано (жеке)	Нақты адам деңгейіндегі инновациялық қызмет. Мұнда білім алудың негізгі кезеңі, сондай-ақ өмірді қамтамасыз ету және өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті тауарлар мен қызметтерді сатып алу арқылы жоғары технологиялық салаға инвестициялау жүреді.
Микро	Ғылымды қажет ететін өнімді әзірлейтін немесе өндіретін, сонымен қатар инновациялық процесті қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсететін (білім беру, қаржы, құқықтық қолдау, ақпарат және т.б.) бір кәсіпорын жүзеге асыратын инновациялық қызмет.
Мезо	Кәсіпорындар тобы желілік немесе корпоративтік құрылымдар деңгейінде, белгілі бір саланың немесе аймақтың шеңберінде жүзеге асыратын инновациялық қызмет.
Макро	Институционалдық негізін ұлттық инновациялық жүйе құрайтын бір мемлекет шегінде жүзеге асырылатын инновациялық қызмет.
Гипер	Келесі субъектілер жүзеге асыратын инновациялық қызмет: - біріккен ұлттық (мемлекеттік) жүйелер (ЕО, Еуро аз ЭС); - трансұлттық корпорациялар.

дай-ақ инновациялық кәсіпорынның құрылу сатысынан дамуына дейін ықпал жасау. Төменде 2-ші суретте қаржы тетігінің негізгі 3 функциясы көрсетілген.

Қаржыландыруды ұйымдастыру қағидаттары қаржыландыру көздерінің көптігіне бағытталуы керек және оларды коммерцияландырумен инновацияларды жылдам және тиімді жүзеге асыруды көздеуі тиіс.

Сондықтан, қаржылық жағынан қолайлы кәсіпорындар үшін де ұзақ мерзімді инновациялық жобаларға инвестициялар қаржылық тұрғыдан тартымсыз болып табылады. Біз мысал ретінде «Karatau-Nesie» ЖШС кәсіпорнын инновациялық қызметті қаржыландыру жүйесі шеңберінде қолданылатын қаржыландыру тетіктері белгілі бір қағидаттарға сәйкес келуіне талдау жа-


сау арқылы тиісті қаржылық нәтижелер алуды байқадық. «Karatau-Nesie» несие серіктестігі» ЖШС кәсіпорны нарықтағы қызметін 2018 жылдың мамыр айында бастағандықтан, қызметінің өсу қарқыны мен ауытқу дәрежелерін салыстыруды 2019 жылғы көрсеткіштерден бастаған жөн болып табылады. Ұзақ мерзімді активтер соңғы 2 жылда 22,7%-ға өскен. Жалпы активтердің өсу қарқыны мен қысқа мерзімді дебиторлық берешек көрсеткіштерінің соңғы 3 жылдағы өзгеру дәрежелері 3-ші суретте көрсетілген.

Экономикалық дамудың әлемдік тәжірибесі көрсеткендей, инновациялық экономиканың орнықты өсуіне – бәсекеге қабілетті және өзінің инновациялық әлеуетін белсенді қалыптастыратын салаларды кең ауқымды қаржыландыру есебінен қол




1-сурет – Инновациялық қызметті қаржыландыру жүйесі қамтитын элементтер

Ескерту – [6] мәліметтері негізінде автормен құрастырылған



2-сурет – Қаржы тетігінің функциялары

Ескерту – [7] мәліметтері негізінде автормен құрастырылған



3-сурет – Жалпы активтердің өсу қарқыны

жеткізуге болады. Инновациялық даму мониторингін жүргізудің жалпы әдістемесіне сәйкес, көптеген шет елдерде статистикалық көрсеткіштер мынандай факторларды сипаттайды:

- адами ресурстарды, қаржы ресурстарын қамтитын инновациялық даму;
- фирмалардың инвестицияларға кететін шығындарымен, кәсіпкерлік құрылымымен, тиімділік көрсеткіштерімен сипатталатын фирмалардың қызметі;
- инноваторлар саны туралы қалыптасқан инновациялық қызметтің нәтижелері және инновацияларды қолдану тиімділігінің көрсеткіштері.

Инновациялық жобаларды коммерциализациялаудың тиімділігіне аймақтардағы инновациялық инфрақұрылымның дамуы, аймақтық инновациялық әлеует, аймақтық билік пен инвесторлардың жаңа жобаларды қолдауға деген қызығушылығы да әсер етеді. Шет елдерде белсенді қолданылатын инновациялық қызметті қаржылық қолдаудың түрлері салық жеңілдіктерімен қатар:

- венчурлық қаржыландыру;
- жеке инвестицияларды тарту;
- инновациялық ваучерлер болып табылады.

Инновациялық жобалардың бұл түрлерін зерттеу барысында венчурлық қаржыландырудың АҚШ-та және бірқатар еуропалық мемлекеттерде дамығандығын көруге болады.

Қазақстанда инновациялық саясат саласында жеткілікті реформалар, сондай-ақ ғылымды қажет ететін өндірістердің дамуына ықпал ететін бағдарламалар жүзеге асырылуда. Бағдарламалық қаржыландырудың едәуір ұлғаюы көптеген инновациялық кәсіпорындарға 2003-2015 жылдары мемлекеттік гранттар мен субсидияларға қол жеткізуге мүмкіндік берді. Бұл 2003ж. үлестік бақылаусыз қатысу жолымен инновациялық жобаларды қаржыландыру

үшін алғашқы қор – «Ұлттық инновациялық қор» АҚ құрылды. Ал, 2012 жылы «Ұлттық инновациялық қор» АҚ-ы «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ болып қайта құрылды [7].

Қазақстанда экономиканың инновациялық дамуы ұзақ уақыт бойы үкіметтің назарынан тыс қалған. Тек, соңғы жылдары экономикалық субъектілердің инновациялық қызметінің құқықтық негізін құрайтын қажетті құжаттар қабылданды:

- «Қазақстан Республикасының ғылым туралы заңы»;
- «Патент заңы»;
- «Қазақстан Республикасының инновациялық қызмет тұжырымдамасы»;
- Қазақстан Республикасының инновациялық даму бағдарламасы;
- Қазақстан Республикасындағы инновация туралы заңы және басқалары.

Әлемде қаржы нарықтарының екі негізгі моделі бар – англо-саксондық, онда банк институттарын қор нарықтары теңестіреді, мысалы, 50-ден 50-ге дейінгі арақатынаста және Еуропалық. Қазақстанда қаржы нарығында банктер басым: 95% – банк жүйесі, 5% – банктік емес сектор және қор нарығы болып табылады.

Дамыған елдермен салыстырғанда Қазақстан Республикасы экономикасында өнеркәсіп қорларына деген инвестициялар көлемі тым аз. Отандық кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігінің төмен болу себептері – кәсіпорындардың өз қаражаттарының жетіспеушілігі, сондай-ақ несие бойынша жоғары пайыздар болып табылады. Негізгі қорларды жаңартудың өткір маңыздылығы өнеркәсіптің қалыптасқан технологиялық артта қалуымен байланысты. Сондықтан, жоғары технологиялық жобаларды, әсіресе Қазақстанның инновациялық дамуының бастапқы кезеңінде тікелей мемлекеттік қаржылық қолдаудың маңыздылығы арта түседі. Негізінен мемлекет келесі бағыттар

бойынша қолдау құралдарын ұсынады [6, 7]:

- инвестицияларды тарту;
- инновацияны дамыту;
- экспортты ынталандыру;
- шағын және орта бизнесті дамыту.

Бұл құралдарды пайдаланудың мақсаты – жоғары технологиялық шағын және орта бизнестің дамуына жағдай жасау және елдің ғылыми және инженерлік әлеуетін арттыру болып табылады. Қазақстанда инновациялық жобаларды дамытудың құралдары инновациялық грант, жобалық қаржыландыру, венчурлік қорлар, бизнес-инкубациялау және салалық конструкторлық бюролардың қызметтері және халықаралық технологиялар трансферті орталықтарының қызметтерін ұсыну.

Қазақстанда инновациялық жобаларды қаржыландыру жағдайы

Бүгінгі таңда әлемде инновациялық жобаларды қаржыландырудың әртүрлі тәсілдері бар. Ұлттық экономиканың өсуі елдің технологиялық деңгейінің дамуына және өнеркәсіп кәсіпорындарының инновациялық жобаларды тиімді іске асыруына тікелей байланысты болып табылады.

Қазіргі заманғы Қазақстан экономикасы шикізат экспорты мен жоғары технологиялық және ғылымды қажет ететін өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің импортымен сипатталады, сондықтан өзіндік инновациялар мен мақсатты технологиялық бағдарламаларды дамыту, отандық кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін арттыру ерекше маңызға ие. Кез келген кәсіпорын үшін тиімді қаржыландыру механизмдерін таңдау және енгізу кәсіпорын кірісін максималдаудың және тұрақты дамуының тетігі болатындығы сөзсіз.

Қазақстан инвесторлар үшін қолайлы бизнес-климат құруға және инновациялық кәсіпкерлік қызметті жүргізу үшін жағдайды жақсартуға ерекше назар аударады. Перспективалы инновациялық жобаларды

жүзеге асыру кез келген мемлекет сияқты Қазақстан үшін де жан-жақты ойластырылған инвестициялық саясатсыз және қажетті қаржылық қолдау көрсетусіз мүмкін емес, сондай-ақ инновациялық саясатты қолдайтын үкімет те тиімді ұлттық инновациялық жүйені құрудың маңызды факторлары болып табылады. Мемлекеттік саясат инновацияны ынталандыруда шешуші рөл атқарады және жеке секторды дамытуға бағыт беретін және әртүрлі мүдделі тараптардың күш-жігерін үйлестіруге ықпал ететін көптеген стратегиялар мен құралдарды қамтуы мүмкін. Бүгінде елдегі инновациялық жобаларды қаржыландыруда іс-шаралар кешенінің ұйымдастырылуы, алдымен елдегі қазіргі уақытта жүзеге асырылып жатқан инновациялық жобаларды қаржыландыру бағыттарының тиімділігін бағалауды қажет етеді [7].

Қорытынды

Технологиялық дамудағы Қазақстан экономикасының дәрежесін ескере отырып, инновациялық белсенділікті ынталандыру және венчурлік индустрияны дамыту үшін мемлекет тарапынан қолдау және венчурлік қаржыландыру жүйесін дамыту үшін жағдайлар жасау қажет. Сонымен, инновациялық жобаларды іске асыру үшін де, жалпы экономикалық үдерістер үшін де қаржыландыру тек ұлттық деңгейді ғана қамтып қоймай, сонымен қатар әлеуметтік жүйенің төменгі деңгейлеріне – аймақтар мен жергілікті билік деңгейіне дейін таралуы өте маңызды.

Кез келген елдің экономикасының дамуы, халықтың рухани және материалдық игіліктерінің артуы, ең алдымен, сол елдің ғылымы мен білімінің және өндірістің инновациялық дамуына байланысты. Нарықтық экономика жағдайында кәсіпорындар жұмысының тиімді қызметінің алғы шарттарының бірі – қызметінде инновацияларды енгізу және іс-жүзінде жүзеге асыру қабілеттілігі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мұхаметжанова Ж.С. Инновация және кәсіпорын өнімділігі // Бизнес и корпоративное управление. – 2018.
2. Боткин И.О., Ким Л.Г. Источники финансирования инновационной деятельности // Вестник Удмуртского университета. 2013. № 1.
3. Инновациялық кәсіпкерліктің негіздері. [Электрондық ресурс] <https://bigox.kz/innovaciya/kasipkerliktin-negizderi/> (15.03.2021).
4. Мирошников Е.В., Зайцева Н.П. Современные формы и способы стимулирования и финансирования инноваций: зарубежный опыт // East European Scientific Journal. 2016. № 11 (15).

5. Киященко Л.Т., Шеломенцева М.В. Оценки эффективности инновационной деятельности: международный опыт // Управление инновациями. 2019. № 7.
6. Қазақстан Республикасы ұлттық инновациялық жүйесінің негізгі даму үрдістері мен көрсеткіштерін талдау [Электрондық ресурсы] <https://articlekz.com/kk/article/15722> (10.04.2021).
7. Қазақстанда инновациялық кәсіпкерліктің дамуы. [Электрондық ресурсы] <https://startinfo.kz/buisness/qazaqstanda-innov-kasip-damy/> (14.04.2021).

Механизмы системы финансирования инновационной деятельности

¹***АУЕЗОВА Зауре Танатаровна**, к.г.н., профессор, zaure58@mail.ru,

²**АУЕЗОВА Амина Танатаровна**, PhD, доцент, auezova-amina@mail.ru,

³**БҰЛАКБАЙ Жанат Мұқанбетжанқызы**, к.э.н., доцент, bulakbay_zhannat@mail.ru,

³**ТАЖИБЕКОВА Кашамида Базылбековна**, к.э.н., доцент, kashamida@mail.ru,

¹Esil University, ул. А. Жубанова, 7, Астана, Казахстан,

²НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева», ул. Сатпаева, 2, Астана, Казахстан,

³Филиал РГКП «Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан» по области Ұлытау, ул. И. Анаркулова, 8, Жезказган, Казахстан,

*автор-корреспондент.

Аннотация. Статья посвящена вопросам финансирования инновационных процессов, оказывающих непосредственное влияние на развитие государства в целом и на успешность каждого предпринимателя в конкурентной борьбе на рынке. Исследование финансирования инновационного процесса осуществлялось в теоретическом и аналитическом плане, определены экономические уровни инновационной деятельности. Обоснована острая необходимость решения задачи модернизации и инновационного развития экономических систем, которая требует разработки концепции финансирования инновационных процессов. Теоретически раскрыты элементы, включающие систему финансирования инновационной деятельности, и функции финансового механизма. Описана ситуация, когда действующая система финансирования инновационной деятельности способствует не только достижению необходимого уровня финансового обеспечения и внутренних затрат, но и развитию инновационных предприятий от стадии создания до стадии расширения. В качестве примера был проведен анализ соответствия механизмов финансирования предприятия ТОО «Karatau-Nesie» определенным принципам, применяемым в рамках системы финансирования инновационной деятельности. Учитывая степень экономики Казахстана в технологическом развитии, доказано, что для стимулирования инновационной активности и развития венчурной индустрии необходимо создание условий для поддержки со стороны государства и развития системы венчурного финансирования.

Ключевые слова: инновации, механизмы финансирования, предпринимательство, экономика, государственная поддержка, венчур, активы.

Mechanisms of the Innovation Activity Financing System

¹***AUYEZOVA Zaure**, Cand. of Geog. Sci., Professor, zaure58@mail.ru,

²**AUYEZOVA Amina**, PhD, Docent, auezova-amina@mail.ru,

²**BULAKBAY Zhanat**, Cand. of Econ. Sci., Associate Professor, bulakbay_zhannat@mail.ru,

³**TAZHIBEKOVA Kashamida**, Cand. of Econ. Sci., Associate Professor, kashamida@mail.ru,

¹Esil University, A. Zhubanov Street, 7, Astana, Kazakhstan,

²NPJSC «L.N. Gumilyov Eurasian National University», Satpayev Street, 2, Astana, Kazakhstan,

³Branch of the RSTE «Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan» for the Ulytau Region, I. Anarkulov Street, 8, Zhezkazgan, Kazakhstan,

*corresponding author.

Abstract. *The article is devoted to the issues of financing innovative processes that have a direct impact on the development of the state as a whole and on the success of each entrepreneur in the competitive struggle in the market. The study of the financing of the innovation process was carried out in theoretical and analytical terms, the economic levels of innovation activity were determined. The urgent need to solve the problem of modernization and innovative development of economic systems, which requires the development of the concept of financing innovative processes, is substantiated. Theoretically, the elements that include the innovation financing system and the functions of the financial mechanism are disclosed. The situation is described when the current system of financing innovation activities contributes not only to achieving the necessary level of financial support and internal costs, but also to the development of innovative enterprises from the stage of creation to the stage of expansion. As an example, the analysis of the compliance of the financing mechanisms of the Karatau-Nesie LLP enterprise with certain principles applied within the framework of the innovation financing system was carried out. Taking into account the degree of Kazakhstan's economy in technological development, it is proved that in order to stimulate innovation activity and the development of the venture industry, it is necessary to create conditions for state support and the development of a venture financing system.*

Keywords: *innovation, financing mechanisms, entrepreneurship, economy, state support, venture, assets.*

REFERENCES

1. Mūhametzhanova ZH.S. Innovaciya zhāne kāsiporyn onimdiligi // Biznes i korporativnoe upravlenie. – 2018.
2. Botkin I.O., Kim L.G. Istochniki finansirovaniya innovacionnoj deyatel'nosti // Vестnik Udmurtckogo univerciteta. 2013. No. 1.
3. Innovaciya lyq kāsipkerliktiñ negizderi. [Elektrondyq resurs] <https://bigox.kz/innovaciya lyq-kasipkerliktin-negizderi/> (15.03.2021)
4. Miroshnikov E.V., Zajceva N.P. Sovremennye formy i sposoby stimulirovaniya i finansirovaniya innovacij: zarubezhnyj opyt // East European Scientific Journal. 2016. No. 11 (15).
5. Kiyashchenko L.T., SHelomenceva M.V. Ocenki effektivnosti innovacionnoj deyatel'nosti: mezhdunarodnyj opyt // Upravlenie innovacijami. 2019. No. 7.
6. Qazaqstan Respublikasy ūlttyq innovaciya lyq zhūjesiniñ negizgi damu ūrdisteri men kōrsetkishterin taldaу [Elektrondyq resurs] <https://articlekz.com/kk/article/15722> (10.04.2021).
7. Qazaqstanda innovaciya lyq kāsipkerliktiñ damuy. [Elektrondyq resurs] <https://startinfo.kz/buisness/qazaqstanda-innov-kasip-damy/> (14.04.2021).